1	Осипова Асыл Жаныбековна	Музыка жетекшісі	«Елорданың еркетайы» II орын	09.10.2025
2	Андасова Лаура Есиркеповна	Тәрбиеші	«Көркемсөз шебері» I орын	16.10.2025
3	Андасова Лаура Есиркеповна	Тәрбиеші	«Менің әкем- полиция қызметкері» республикалық сурет байқауы I орын	25.01.2026
4	Андасова Л.Е. Назарова А.В Мықтыбаева А.Д.	Тәрбиеші	«Брейн-ринг» қалалық байқауы III орын	18.02.2026
5	Назарова А.В	Тәрбиеші	<b>«Жұлдызды жол» қалалық</b>	01.04.2026

			интеллектуалдық олимпиадасы Сертификат	
--	--	--	--	--

**Педагогтердің конференцияларға қатысуы,  
жинаққа баяндамалардың шығуы**

<b>№</b>	<b>Педагогтың аты-жөні</b>	<b>Лауазымы</b>	<b>Конференция атауы</b>	<b>Өткізілу уақыты</b>
1	Дуйсекулова Лаура Беккалиевна	әдіскер	Астана қаласы әкімдігінің <b>«Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» КММ</b> жұмыс жоспарына сәйкес «Әл-Фараби ілімдерінің педагогикадағы рөлі» атты <b>республикалық-педагогикалық конференциясы</b>	10.12.2025
2	Абдукадирова Анаргүль Абдукадировна	инновация әдіскері	Астана қаласы әкімдігінің <b>«Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» КММ</b> жұмыс жоспарына сәйкес «Әл-Фараби ілімдерінің педагогикадағы рөлі» атты <b>республикалық-педагогикалық конференциясы</b>	10.12.2025
3	Калиякасова Гульзат Аманбайқызы	меңгеруші	«Абай аманаты- мектепке дейінгі жастағы балалардың ұлттық және адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеудің негізі» тақырыбындағы республикалық конференция	15.04.2026
4	Абдукадирова Анаргүль Абдукадировна	инновация әдіскері	«Абай аманаты- мектепке дейінгі жастағы балалардың ұлттық және адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеудің негізі» тақырыбындағы республикалық конференция	15.04.2026
5	Назарова Айсулув Валидиновна	тәрбиеші	«Абай аманаты- мектепке дейінгі жастағы балалардың ұлттық және адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеудің негізі» тақырыбындағы республикалық конференция	15.04.2026
6	Андасова Лаура Есиркеповна	тәрбиеші	«Абай аманаты- мектепке дейінгі жастағы балалардың ұлттық және адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеудің негізі» тақырыбындағы республикалық конференция	15.04.2026

7	Мықтыбаева Айнұр Дүйсеналықызы	тәрбиеші	«Абай аманаты- мектепке дейінгі жастағы балалардың ұлттық және адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеудің негізі» тақырыбындағы республикалық конференция	15.04.2026
---	-----------------------------------	----------	---	------------

### **Тәрбиеленушілер контингенті:**

Балабақшада мектепке дейінгі ұйымның үлгілік қағидаларына сәйкес, олардың жас ерекшелігі ескеріліп жүргізіледі. №49 «Алтынай» балабақшасында балаларды қабылдау 3 - 6 жас аралығында жүргізіледі. Балабақшада барлығы – 10 топ. Оның ішінде мемлекеттік тілде – 10 топ оқу жылын аяқтады.

Тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы ата-аналардың өтініші бойынша жасалады. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қажетті бос орындар жыл бойы индиго порталына орналастырылады. Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды сақтау бойынша балалардың жасын ескере отырып, жас топтары қалыптасқан. 1-сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімі сақталынады.

## **Оқу- әдістемелік жұмысы:**

№49 "Алтынай" балабақшасының оқу-әдістемелік жұмысы нормативтік-құқықтық құжаттардың талаптарына сәйкес ұйымдастырылған және тәрбиелеу-білім беру процесін жетілдіруге бағытталған.

### **4.1. Тәрбие-білім беру процесі.**

Мектепке дейінгі ұйым тәрбие-білім беру үдерісін мыналарға сәйкес жүзеге асырады:

- 1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен;
- 2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларымен;
- 4) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен;
- 5) республикалық және қалалық Сараптамалық Кеңестің Ғылыми кеңесінің қолдануына ұсынылған қосымша білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі: перспективалық жоспарға, циклограммаға, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеуге сәйкес жүзеге асырылады.

Перспективалық жоспарды оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша жас тобында жұмыс істейтін тәрбиешілер, педагогтар жасайды. 2025-2026 оқу жылдарында тәрбие мен оқыту процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқу жылына арналған перспективалық жоспарды тәрбиешілер мен басқа да педагогтар (қазақ және музыкалық жетекші, дене шынықтыру нұсқаушысы) жасады. Перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін міндетті түрде орындау көзделген.

Циклограмма әр апта сайын жасалады, ол балаларды қабылдаудан, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеуден, күндізгі ұйқыдан және балалардың үйге кетуінен бастап барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады.

Тәрбиешілердің, педагог-мамандардың кестесі, перспективалық жоспарлауы педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалады.

2025-2026 оқу жылы балабақша топтарында ұйымдастырылған оқу қызметін тәрбиешілер, педагог-мамандар бекітілген кестеге сәйкес, апталық жүктемені және өткізу ұзақтығын сақтай отырып жүргізді. Балалармен оқу процесін ұйымдастыру кезінде "Алматы кітап" оқу-әдістемелік кешені пайдаланылды.

2025-2026 оқу жылында тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде педагогтар қағидаттарға бағдарланады:

- ойын арқылы оқыту;
- балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау арқылы балаларды дамыту (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, эксперимент, балалардың өзіндік іс-әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету).

Тәрбиешілер тәрбие барысын жоспарлау кезінде балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларының, әдістері мен әдістерінің өзгергіштігі мен қолданылуын ескереді. Тәрбие-білім беру барысын ұйымдастыру және өткізу

кезінде тәрбиеленушілердің мүдделері, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру барысының тиімділігі туралы, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы – қыркүйекте, аралық - қаңтарда және қорытынды-мамырда).

**Мониторинг мақсаты:**

- баланың жетістіктерін бақылау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру барысын жетілдіру;

- баланың Типтік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейін анықтау.

Нәтижелер «Баланың жеке даму картасында» толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға баланың жеке даму картасы толтырылады. Балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен мамандар мониторинг деректерінің қорытындысы бойынша баланы одан әрі дамыту жөніндегі іс-шараларды толтырады. Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші педагог-мамандармен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады.

Білім беру ұйымын бағалау критерийлеріне сәйкес мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне талдау жүргізілді.

**№ 49 «Алтынай» балабақшасының 2025 – 2026 оқу жылына арналған мақсаты мен міндеттері**

**Тақырыбы:** «Ұлттық тәрбие негізінде балалардың адамгершілік және тілдік-танымдық қабілеттерін дамыту»

**Мақсаты:** Заман талабына сәйкес ұлттық құндылықтар мен адамгершілікті бойына сіңірген дені сау, танымдық және коммуникативтік қабілеттері дамыған тұлғаны қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, ұлттық ойындар арқылы балалардың өмірі мен денсаулығын нығайту, патриотизмге баулу;
- инновациялық технологияларды қолдана отырып дамытушы ойындарды қолдану арқылы балалардың сөздік қорын, тілін дамыту;
- балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеуде балабақша мен отбасы арасындағы сабақтастықты нығайту;
- Абай туындыларын қолдана отырып балаларды адамгершілікке тәрбиелеу;
- педагогтердің кәсіби және цифрлық құзыреттіліктерін арттыру.

**2025–2026 оқу жылдар аралығындығы  
эксперименттік алаңның жұмысы «Абай аманаты»**

2025–2026 оқу жылы №49 «Алтынай» балабақшасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын арттыруға бағытталған мазмұнды, жүйелі және ғылыми-тәжірибелік жұмыстармен ерекшеленді.

Балабақшада жүзеге асырылған негізгі бағыт – «**Абай аманаты**» эксперименттік алаңы болды. Бұл жоба мектепке дейінгі жастағы балалардың бойында ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастыруды, тіл байлығын дамытуды, адамгершілік қасиеттерді жетілдіруді және шығармашылық қабілеттерін арттыруды мақсат етті.

Жоба үш жылдық жүйелі зерттеу ретінде жүргізіліп, оған «**Шағала**», «**Ақ сұңқар**», «**Бүркіт**» топтары қатыстырылды.

### **Жобаның ғылыми-педагогикалық негізі**

Жобаның теориялық негізі ретінде ұлы ойшыл, ақын Абай Құнанбайұлы шығармалары алынды.

Абай мұрасындағы: адамгершілік, еңбекқорлық, әділеттілік, білімге құштарлық, ұлттық рух сияқты құндылықтар мектепке дейінгі тәрбие жүйесіне кіріктірілді.

Жобаның мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: Балалардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз ету, ұлттық құндылықтарды сіңіру, тілдік және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

### **Міндеттері:**

- Абай шығармаларын жүйелі түрде таныстыру
- Балалардың сөйлеу мәдениетін дамыту
- Шығармашылық белсенділікті арттыру
- Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие үдерісіне енгізу
- Ата-аналармен серіктестікті нығайту
- Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру

### **Эксперименттік жұмыстың ұйымдастырылуы**

Жоба екі бағытта жүргізілді:

**1. Эксперимент топ:** «Абай аманаты» жобасы негізінде инновациялық әдістер енгізілді:

- театрландырылған қойылымдар
- мнемотехника
- шығармашылық тапсырмалар
- ұлттық ойын технологиялары
- көркем сөз оқу
- дидактикалық ойындар

**2. Бақылаушы топ:** Дәстүрлі оқыту әдістері қолданылды. Балалармен стандартты оқу іс-әрекеттері жүргізілді.

Жыл бойы келесі бағыттарда жұмыстар жүргізілді: Абай өлеңдерін жаттау және талдау, қара сөздермен таныстыру, мәнерлеп оқу байқаулары, театрландырылған қойылымдар, сюжеттік-рөлдік ойындар

Мониторинг және диагностика

Жоба барысында үш кезеңдік мониторинг жүргізілді:

Бастапқы диагностика

Абай шығармалары туралы білім төмен деңгейде болды. Сөйлеу дағдылары шектеулі. Қызығушылық орташа деңгейде.

Аралық диагностика

Өлең жаттау қабілеті артты. Тілдік белсенділік күшейді. Танымдық қызығушылық дамыды.

Қорытынды диагностика

Балалар Абай Құнанбайұлы шығармаларын еркін түсінді. Мәнерлеп оқу дағдылары қалыптасты. Байланыстырып сөйлеу дамыды. Адамгершілік қасиеттер нығайды.

**Абайдың 180 жылдығы.** Тамыз айында ұлы ақынның 180 жылдығына арналған ауқымды мерекелік іс-шара өткізілді. Педагогтер мен балалар қойылым көрсетті, өлең оқыды, ән орындады, сахналық көріністер қойылды. **Жүргізілген жұмыстар мазмұны. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері** жыл бойы «Абай аманаты» тақырыбында түрлі оқу қызметтері өткізілді:

-«Өлең – сөздің патшасы»

-«Білімдіден шыққан сөз»

-«Ақын деген кім?»

-«Абай өлеңдеріндегі табиғат» және т.б

Бұл жұмыстар барысында балалар Абай өлеңдерін жаттап, мәнерлеп айту дағдыларын меңгерді. **Театрландырылған қойылымдар мен шығармашылық жұмыстар «Менің сүйікті ертегім»** қойылымы, Абайдың қара сөздері негізінде сахналық көріністер, мектепке дейінгі ұйым жағдайында музыкалық шығармаларды орындау балалардың эстетикалық талғамын қалыптастырумен қатар, олардың эмоциялық, тілдік және сахналық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. «Абай аманаты» жобасы аясында Абай Құнанбайұлы әндерінің бірі – **«Көзімнің қарасы»** шығармасын ата-ана орындау ұйымдастырылды. **«Көзімнің қарасы»** әнін орындау арқылы балалар сахна мәдениетін, эмоция арқылы жеткізу қабілетін дамытты.

**Мақсаты:** Балалардың музыкалық қабілеттерін дамыту, сахна мәдениетін қалыптастыру және ән арқылы эмоцияны көркем жеткізе білу дағдыларын жетілдіру. **Міндеттері:** Балаларды әнді дұрыс, мәнерлеп орындауға үйрету, ән мәтінінің мазмұнын түсініп, сезім арқылы жеткізуге дағдыландыру, сахнада өзін еркін ұстау, көрерменмен байланыс орнату қабілетін қалыптастыру, дауыс ырғағын, дикцияны, тыныс алу техникасын дамыту, музыкалық есту қабілетін және ырғақ сезімін жетілдіру, ұлттық өнерге, Абай әндеріне деген қызығушылықты арттыру, топ алдында өнер көрсету арқылы сенімділік пен батылдықты қалыптастырды. «Абай аманаты» жобасы аясында асық және «Бестемше» ойындары жүйелі түрде ұйымдастырылды.

2023–2026 оқу жылы барысында ата-аналарды, соның ішінде әкелерді тәрбие үдерісіне тарту мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Осы бағытта «**Шағала**», «**Ақ сұңқар**», «**Бүркіт**» топтарының тәрбиеленушілері мен әкелерінің қатысуымен «Әке көрген – оқ жонар», тақырыбында ұлттық спорттық сайыс ұйымдастырылды **Аталған іс-шараның негізгі мақсаты:** салауатты өмір салтын насихаттау, ұлттық ойындар арқылы тәрбие беру, әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, ата-аналарды балабақша өміріне белсенді тарту. Сайыс бағдарламасы ұлттық ойындар негізінде құрылды: «**Теңге алу**», «**Садақ ату**», «**Асық ату**», «**Бәйге**», «**Арқан тартыс**» Сұрақ-жауап бөлімі (Абай Құнанбайұлы шығармалары бойынша) Іс-шара барысында әкелер мен балалар өзара ынтымақтастық, ұйымшылдық, ептілік және белсенділік танытты. Нәтижесінде:

- ата-аналардың балабақшаға деген қызығушылығы артты.**
- отбасы тәрбиесінің маңызы күшейді.**
- балалардың ұлттық ойындарға қызығушылығы жоғарылады.**
- әке мен бала арасындағы эмоционалдық байланыс нығайды.**

Іс-шара соңында барлық қатысушылар марапатталып, жеңімпаз топ анықталды. **Ұлттық ойындар арқылы балаларға тәрбие беру арқылы** Абай ойнаған ұлттық ойындар негізінде әкелер және балалар арасында іс-шаралар көптеген сайыстар мен жарыстар ұйымдастырылды. Асық, бестемше бұл ойындар арқылы балалардың: ептілігі, шапшаңдығы, ұлттық сана-сезімі қалыптасты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үдерісінде ұлттық ойындарды қолдану – балалардың дене дамуын жетілдірумен қатар, олардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттырудың тиімді құралы болып табылады.

**Мақсаты:** Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, ептілік пен шапшаңдық қасиеттерін дамыту, ұлттық ойындар арқылы ұлттық сана-сезімін қалыптастыру.

**Міндеттері:** Балалардың **ептілік, дәлдік, шапшаңдық** қасиеттерін дамыту, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру, зейінін, жылдам ойлау қабілетін арттыру, ұлттық ойындардың мәнін түсіндіру арқылы **ұлттық құндылықтарға қызығушылық қалыптастыру.** Ойын барысында тәртіп сақтауға, ережені орындауға үйрету, ұжымда бірлесіп әрекет етуге, достық қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу, жеңіске жету және жеңілісті қабылдау мәдениетін қалыптастырды.

**Негізгі ерекшеліктері** -Құнанбай Өскенбайұлы – қазақ халқының тарихындағы ірі тұлға, ел басқарған би, әділ шешімдерімен, көрегендігімен танылған дана адам. Ол тек ел басқарушы ғана емес, ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген әке.

«**Құнанбайдың даналығы**» тақырыпта ұлттық спорттық ойындар өткізілді. **Мақсаты:** Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, ептілік пен шапшаңдық қасиеттерін дамыту, ұлттық ойындар арқылы ұлттық сана-сезімін қалыптастыру. Үштік одақ арқылы жарыстар, командалық сайыстар өткізілді.

**Сюжеттік-рөлдік ойындар** :«Қамқор бала боламыз» ,«Менің құқықтарым мен міндеттерім» Бұл ойындар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үдерісінде сюжеттік-рөлдік ойындар балалардың тұлғалық дамуына, әлеуметтік ортаға бейімделуіне және адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына ерекше ықпал етеді.«Абай аманаты» жобасы аясында келесі сюжеттік-рөлдік ойындар жүйелі түрде ұйымдастырылды.

**Мақсаты:**Балалардың бойында мейірімділік, қамқорлық, жанашырлық сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, үлкендерге құрмет, кішіге қамқор болу дағдыларын дамыту.

**Міндеттері:** Балаларды бір-біріне көмектесуге, қолдау көрсетуге үйрету, отбасы мүшелеріне, достарына, қоршаған ортаға қамқорлық танытуға тәрбиелеу, жақсы және жаман әрекеттерді ажырата білуге дағдыландыру, рөлдік ойын арқылы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, эмоциялық сезімдерін (жанашырлық, мейірім) дамыту, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға үйрету.

Жыл бойы **Ата-аналармен жұмыс** бірлескен жұмыстар жүргізілді: ашық сабақтар ,бірлескен қойылымдар (ата-ана + бала + педагог) спорттық жарыстар,кеңестер мен семинарлар, ата-аналардың педагогикалық белсенділігі артты.

**Әдістемелік жұмыстар:** Қалалық семинар ұйымдастырылды. Педагогтер шебер сынып көрсетілді,аналитикалық анықтамалар дайындалды, республикалық конференцияға дайындық жүргізілді.

**Қол жеткізілген нәтижелер,**жыл соңында келесі нәтижелерге қол жеткізілді: Балалардың сөздік қоры байыды, Абай шығармаларына қызығушылық артты. Ұлттық құндылықтарға құрмет қалыптасты,театрландыру дағдылары дамыды және ата-аналардың қатысу белсенділігі өсті.

**«Ұлттық тәрбие-балабақшадан басталады»** атты қалалық семинар өтті және оның негізгі мақсаты: Балабақша тәрбиеленушілеріне ұлттық құндылықтарды ерте жастан сіңірудің маңыздылығын айқындау, тәрбие мен оқыту үдерісінде қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ұлттық ойындарын, мәдениетін тиімді қолдану жолдарын педагогтерге таныстыру және тәжірибе алмасу.Сонымен қатар семинардың мақсатына мыналар кіреді:  
– мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық тәрбиені жүйелі түрде ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін көрсету;  
– педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру;  
– балалардың ұлттық сана-сезімін, тілін, рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту;  
– ата-ана, педагог және бала арасындағы ынтымақтастықты нығайту;  
– ұлттық мұраларды дәріптеу арқылы отансүйгіш, рухани бай тұлға тәрбиелеуге бағыт беру.

**Бата беру балабақша ішілік челлендж өткізілді.**

**Мақсаты:** Балаларға қазақ халқының рухани мұрасы-бата беру дәстүрі туралы түсінік қалыптастыру,үлкенді құрметтеуге,ізеттілікке,ізгі тілек айтуға тәрбиелеу.Бата ұғымының мәнін түсіндіру,балаларды қарапайым бата сөздерін

айтуға үйрету. Сөйлеу мәдениетін, мәнерлеп сөйлеу дағдыларын дамыту, ұлттық дәстүрлерге қызығушылықтарын арттыру.

Педагогтер балабақшада ертегінің ерекшеліктері мен тиімді жолдары атты шебер сынып өтті.

### **Шебер-сыныптың**

**мақсаты:**

Мектепке дейінгі ұйымдарда ертегіні қолдану арқылы балалардың тілін дамыту, қиялын кеңейту, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру жолдарын педагогтерге тәжірибе жүзінде көрсету.

### **Міндеттері:**

- ертегінің тәрбиелік, дамытушылық маңызын түсіндіру;
- ертегімен жұмыс жасаудың заманауи, тиімді әдіс-тәсілдерін ұсыну;
- балалардың сөйлеу мәдениетін, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;
- театрландырылған әрекеттер арқылы балалардың эмоциялық дамуын жетілдіру;
- педагогтердің шығармашылық ізденісін арттыру және тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасау.

### **Ертегінің балабақшадағы ерекшеліктері:**

- баланың жас ерекшелігіне сай жеңіл әрі түсінікті болуы;
- көркем тіл арқылы сөздік қорды байытуы;
- жақсылық пен жамандықты ажыратуға үйретуі;
- қиял мен ойлау қабілетін дамытуы;
- кейіпкерлер арқылы мінез-құлық нормаларын қалыптастыруы.

### **Тиімді қолдану жолдары:**

- ертегіні мәнерлеп оқу және әңгімелеу;
- рөлдерге бөліп, сахналау (театрландырылған ойындар);
- сурет салу, мүсіндеу арқылы ертегі мазмұнын бейнелеу;
- сұрақ-жауап, пікірталас ұйымдастыру;
- мультимедиялық құралдарды пайдалану;
- ертегі құрастыру (балалардың өз ойынан ертегі шығару).

Шебер-сынып барысында педагогтер ертегіні оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қолданудың жаңа тәсілдерімен танысып, тәжірибе алмасты. Ертегі арқылы баланың тілін дамыту, шығармашылығын арттыру және ұлттық, рухани құндылықтарды сіңірудің маңызы айқындалды.

2023-2026 оқу жылдарының эксперименттік алаңның жобасының жабылуына байланысты қорытындылау негізінде республикалық конференция өтті.

**2025–2026 оқу жылы аясында «Абай аманаты – мектепке дейінгі жастағы балалардың ұлттық және адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеудің негізі»** тақырыбында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған республикалық конференция өткізілді. Аталған конференцияның мақсаты – Абай Құнанбайұлы шығармалары арқылы мектепке дейінгі жастағы балаларға ұлттық тәрбие мен адамгершілік құндылықтарды дарытудың тиімді жолдарын тәжірибе жүзінде көрсету, педагогтердің кәсіби

шеберлігін арттыру болды. Конференция барысында балабақша педагогтері өз тәжірибелерімен бөлісіп, инновациялық әдіс-тәсілдерді ұсынды. Сонымен қатар, эксперименттік топ тәрбиеленушілері ата-аналарымен бірлесіп «Мектеп жасына дейінгі мекемеде Абай туындыларының бала тәрбиесіндегі рөлі» тақырыбында шебер сынып көрсетті. Шебер сынып барысында: Абайдың қара сөздері мен өлеңдері негізінде көріністер ұсынылды. Балалар мәнерлеп оқу, сахналау дағдыларын көрсетті. Ата-аналар мен педагогтердің бірлескен жұмысы тәжірибе ретінде таныстырылды. Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың тиімді жолдары практикалық түрде дәлелденді. Аталған іс-шара педагогтер арасында тәжірибе алмасуға, Абай мұрасын мектепке дейінгі тәрбие процесінде тиімді қолдануға үлкен мүмкіндік берді. Сонымен қатар, педагогтер республикалық деңгейдегі іс-шараларға белсенді қатысып, кәсіби шеберліктерін көрсеткені үшін **сертификаттармен марапатталды.**

**Қол жеткізілген нәтижелер:** Эксперимент нәтижесінде

Эксперименттік топта:

- Абай шығармаларына қызығушылық артты.
- Өлеңдер мен қара сөздерді түсіну деңгейі жоғарылады
- Жатқа айту дағдылары қалыптасты
- Сөздік қоры кеңейді
- Байланыстырып сөйлеу және өз ойын жеткізу қабілеті дамыды.

**Бақылаушы топта:**

- Көрсеткіштер тұрақты деңгейде сақталды.


Жыл бойы келесі бағыттарда жұмыстар жүргізілді: Абай өлеңдерін жаттау және талдау, қара сөздермен таныстыру, мәнерлеп оқу байқаулары, театрландырылған қойылымдар, сюжеттік-рөлдік ойындар

**Тәрбиелік нәтижелер:** Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде балалардың бойында: үлкенге құрмет, кішіге ізет, адамгершілік қасиеттер, ұлттық құндылықтарға деген оң көзқарас қалыптасты.


**Қорыта келгенде «Абай аманаты» эксперименттік алаңы өз тиімділігін көрсетті.** Жоба барысында балалардың тұлғалық дамуы, ұлттық тәрбиесі және шығармашылық қабілеттері айтарлықтай жетілді. Жүргізілген жұмыстар мектепке дейінгі ұйымдарда Абай мұрасын тиімді қолдануға болатынын дәлелдеді. «Абай аманаты» жобасы мектепке дейінгі білім беру жүйесінде тиімді тәжірибе ретінде өз нәтижесін көрсетті. Жоба барысында балалардың жан-жақты дамуы қамтамасыз етіліп, ұлттық тәрбиенің маңызы күшейтілді.

Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы мұрасы арқылы тәрбиелеу – мектепке дейінгі білім берудің маңызды бағыты екені дәлелденді.


Эксперименттік алаң бойынша 2023-2024 оқу жылы аралығында балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін салыстармалы көрсеткіштері



Эксперименттік алаң бойынша 2024-2025 оқу жылында балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін салыстармалы көрсеткіштері



Эксперименттік алаң бойынша 2025-2026 оқу жылыда балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін салыстармалы көрсеткіштері



**Оқу-материалдық активтер:**

Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жылы, жобалық қуаты, ағымдағы және күрделі жөндеу өткізуге қажеттілік және басқалары):

Ғимараттың типтік сипаттамасы:	1. Балабақша -2 қабатты типтік ғимарат
Құрылған жылы:	Балабақша -1976 жыл
Жобалық қуаты:	Балабақша -200бала
Ағымдағы және күрделі жөндеу өткізуге қажеттілік және басқалары	Балабақшада күрделі жөндеу жұмысы 2022 жылы жүргізілді. Балабақшаның спорт алаңын, мафтарды, жиһаздармен кереуеттерді жаңарту, компьютер-принтерлерді жаңарту т.б. қажет.

**5.2. Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат**

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2016жылғы 22қаңтарында бекітілген № 70 бұйрығы бойынша № 49 «Алтынай» балабақшасы мен шағын орталығының жиһазбен және құралдармен жабдықтау нормасына сәйкес жабдықталған. Балабақша мен шағын-орталықтың барлық топтары, кабинеттері, музыка залы интерактивті тақталар және компьютер- ноутбуктармен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар 1-сиқырлы қалам, 2-балапан, электронды киіз үйәдістемелік оқыту кешендері, Воскобович ойындары: Күлгін орман кілемі-4, коврограф-4 және көптеген әр түрлі дамытушы ойындар, Кюизенер таяқшалары, Дьенеш ойындары, «Фребель сыйы», үлестірмелі және көрнекі материалдар,

барлық топтарда дидактикалық, логикалық, қимылды, ұлттық, үстел үсті, дамытушы ойындары жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілген. Топтардағы заттық-дамытушы орта балалардың жас ерекшелігіне сай еркін, қолжетімді, қауіпсіздік жағдайлары ескеріліп орналастырылған, күнделікті балалармен өткізілетін іс-әрекетте қолданылады. Балалардың жас ерекшелігіне сай барлық топтарда ойындар, көрнекілік материалдар, қажетті ақпараттар жинағы электронды нұсқада дайындалған. Педагогтар ұйымдастырылған іс-әрекетте қазіргі заман талабына сәйкес қажетті аудио, бейне жазбалар, ертегілер т.б. көптеген ақпараттарды интерактивті тақта арқылы қолданады. Музыка және денешынықтыру залы, психолог кабинеттері МЖМС сәйкес жабдықталған.

Балабақшаның кіші тобында: танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, танымдық қызығушылықты белсендіретін жылжымалы ойыншықтар, ашық ойындарға арналған жабдықтар, ірі және ұсақ моториканы дамытуға арналған ойын құралдары, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар бар.

Ортаңғы жастағы топтарда топтық бөлме білім беру ойыншықтарымен жабдықталған, лево, шығармашылыққа арналған материалдар, театрландырылған ойынға арналған киіну бұрышы, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылықты арттыру үшін табиғи материалдар.

Ересек және мектепалды топ бөлмелері «сөйлейтін қабырғалар» стилінде безендірілген; интеллектуалды қабілеттерді дамыту үшін бұрыштарда күрделі пазлдар, конструкторлар, қарапайым математикалық ұғымдар мен сауаттылық негіздерін игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сандар, сөздер, кестелер, үлкен қаріппен кітаптар, бояу беттері, сандар мен әріптермен баспа ойындары, ребустар, құралдар, балалар энциклопедиялары, жануарлар туралы иллюстрацияланған басылымдар орналастырылған планетаның өсімдіктер әлемі, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карталар, киіну бұрышы, театрдың әртүрлі түрлері, табиғат бұрышы, танымдық-зерттеу жұмыстарына арналған құрылғылар, проектор интерактивті жабдық.

Балабақшада: дене шынықтыру және музыка залы, психолог, әдістемелік кабинет, медициналық кабинеттер жұмыс істейді.

Дене шынықтыру залы әртүрлі қозғалыстар мен спорттық ойындарға арналған спорттық жабдықтармен және құрылғылармен жабдықталған. Дене шынықтыру залында: жұмсақ спорт модулі, швед қабырғасы, гимнастикалық орындықтар, әртүрлі мөлшердегі шарлар, құрсаулар, лақтыруға арналған дорбалар, түрлі-түсті ленталар, жалаулар, жұмсақ текшелер, доғалар, арқан, түйреуіштер, жалпы дамыту жаттығуларын орындауға арналған текшелер бар. Балалардың эмоционалды көңіл-күйін қалыптастыру үшін залда музыкалық центр бар және интерактивті тақта бар.

Музыкалық зал балаларға арналған музыкалық аспаптармен, музыкалық техникамен және интерактивті жабдықтармен жабдықталған.

Балабақшаның әдістемелік кабинетінде үлгілік оқу бағдарламасы мен МЖМС талаптарына сәйкес әдістемелік, оқу – тәрбие, ата-аналармен және тәрбиешілермен жұмыс істеуге арналған консультациялық материал, көркем және энциклопедиялық әдебиет, педагогтар портфолиосы, үлестірме материал шоғырланған. Мемлекеттік, орыс тілдерінде бейне және аудио материалдарды

жинақтау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Психологтың кабинетінде тиісті жабдықтар: әдістемелік материал, техникалық жабдықтар, жылжымалы жиһаз, жұмсақ диван, танымдық сипаттағы ойыншықтардың алуан түрлілігі, әдебиеттер мен журналдар.

Балабақша аумағында жапырақты және қылқан жапырақты ағаштардың, бұталардың әртүрлі түрлері отырғызылды, гүлзарлар салынды. Балалар ойын алаңдарында Мафтар (шағын архитектуралық нысандар) орналастырылған: беседкалар, сырғанақтар, баспалдақтар, әткеншектер, карусельдер, орындықтар, үстелдер, секіргіштер, спорт кешендері, серіппелі әткеншектер, орындықтар және басқа жабдықтар.

#### **Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қоры:**

#### **Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер:**

№49 «Алтынай» балабақшасы қажетті оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтылған. Балабақшаның барлық топтарында мектепке дейінгі білім беру құқықтық – нормативтік актілері, барлық жас ерекшелігіне байланысты оқу бағдарламалары, ғылыми-әдістемелік және көркем әдебиеттер бар. Педагогтар мен балалар қазақ тіліндегі әдебиеттерді қолданады. Барлық теориялық материалдар жүйеленген және әдістемелік кабинетте бар. Балаларды тәрбиелеу және оқыту жұмысы тиімді болу үшін, әдіскердің кабинетінде қажетті көрнекі құралдар бар. Сонымен қатар педагогтарға арналған арнайы оқу-әдістемелік құралдар және кітаптар, журналдар жинағымен қамтамасыз етілген.

#### **Интернет жылдамдығы 40Мб/с құрайды.**

**Ескерту:** Мектепалды топтарында оқыту-әдістемелік кешендері барлық балаларда бар, ата-аналардың өз қаражаты есебінің негізінде еркін түрде алынған. **Тәрбиеленушілер қызметіне дене, интеллектуалдық, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативтік дамуын дамытуға арналған төмендегі бөлмелер ұсынылады:**

- музыка залы;
- дене шынықтыру залы;
- психолог бөлмесі;
- мед.кабинет;

**Техникалық құрал жабдықтар, компьютерлік техника, олардың саны:**

- Телевизор – 10;
- Музыкальный центр – 2;
- Компьютер – 7;
- Ноутбук - 2;
- Принтер - 7;
- Түрлі-түсті принтер – 2;
- Интерактивті тақта – 1;
- Экран – 1;
- Проектор – 1;
- Ламинатор – 1;
- Түптейтін машина – 1;
- Пианино - 1

## **Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау:**

**Мониторингтің мақсаты:** Мектептегі білім мен тәрбие оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнында айқындалған күтілетін нәтижелерге балалар мен педагогтің жету деңгейін бақылау бойынша мониторинг жүргізудің бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету.

## **Міндеттері:**

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын балалардың игеруін бақылау;
- балаларға жасына сәйкес біліктер мен дағдыларды игерту;
- баламен жүргізілетін жеке жұмыстың мазмұнын айқындау;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін жеке және топтық жоспарлау;
- мектепке дейінгі ұйымның ұсынатын қызметінің сапасын арттыру;
- педагогтердің кәсіби шеберліктерін арттыру.

Диаграммада мектепалды топтары балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын игеру мониторингінің нәтижелері көрсетілген. Мониторингтің нәтижелері негізінде оқу жылында «Баланың жеке даму картасы» толтырылды.

2025-2026 оқу жылында балалардың біліктіліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша бастапқы және аралық мониторинг нәтижелері бойынша көсеткіштердің жақсарғаны байқалады.

Білім беру қызметі үлгілік бағдарламаға сәйкес жоспарлы, жүйелі жүргізіледі.

Тәрбиеленушілердің бағдарлама мазмұнын нәтижелі игеруіне өткізілетін әдістер мен формалардың дұрыс таңдалып алынуыда оң нәтижесін берді. Сонымен қатар топтағы ұйымдастырылған іс-әрекеттер ұйымдастыруда келесі жағадайлар жасалған:

- қызығушылығы, ерекшеліктері және қажеттілігі ескере отырып, топта дамытушы орта құрылған;
- балалардың мүдделері ескеріліп отырады;
- қолайлы психологиялық және эмоционалдық атмосфера құрылып қолданылуда;
- балалардың логикалық ойлауын, еске сақтауын, қиялын дамытуға бағытталған күнделікті дидактикалық және сөздік ойындар ұйымдастырылып өткізілуде.
  - жұмыстың тиімділігін талдау мақсатында МЖМБС қарастырылған индикаторлар жүйесін пайдалана отырып, балалардың дағдыларын дамыту диагностикасының әдістерін енгізуді жалғастыру;
  - әр баланың дағдыларын дамыту деңгейін диагностикалау арқылы педагогтар қызметінің тиімділігіне мониторинг жүргізу.

Балалардың біліктері мен дағдыларын дамуын бағалау көрсеткіштері білім беру траекториясының өсу динамикасын дамытуға және түзету іс-шараларын жоспарлауға негіз болып табылады. Осы оқу жылға арналған педагогикалық процесті ұйымдастырудың басты шарты-мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және тәрбиелеу мен білім беруді жан-жақты дамытуға ықпал

ете отырып, физикалық дамуын, коммуникативті, танымдық, зияткерлік шығармашылық, эмоционалды-элеуметтік дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.

### **Ата – аналармен жұмыс**

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда баланың өмірі мен дамуына ықпал ететін барлық факторларды ескеру біздің міндетіміз. Демек, баламен жұмысты ата-аналармен, қоршаған ортамен өзара ынтымақтастықта құру аса маңызды. Барлық ерекшеліктер: элеуметтік жағдайы, отбасы тарихы, елдің мәдени ерекшеліктері мен салт-дәстүрлері, баланың мінез-құлқы мен ерекшеліктері ескеріледі. Ата-аналармен үнемі қарым-қатынаста болу және оларды бейімдеу мен оқыту процестеріне тарту балабақшамыздың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Ата-аналармен жұмыста ата-аналар жиналыстарының жаңа форматтары пайдаланылады, олар тренингтер, семинарлар, «игі істер күндері», ата-аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес, ата-аналар конференциясы, ата-аналармен бейресми байланыс орнатуға, олардың назарын балабақшаға аударуға бағытталған дәстүрлі емес қарым-қатынас нысандары түрінде өтіп отырады, ата-аналар өз баласын жақсы білуі үшін, оны басқа, өзі үшін таныс емес жағынан көруі үшін, педагогтермен өзара қарым-қатынаста болуы үшін барлық жағдай жасалған. Жеке және топтық консультациялар, ата-аналар жиналыстары, әртүрлі мәселелер бойынша пікірталастар, педагогикалық қонақ бөлмелері, сұрақ-жауап кештері, іс-әрекеттерінің бейнежазбалары және режимдік сәттерді қарау, содан кейін талқылау мен басқалары кешенді түрде ұсынылып отырады. Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың ата-аналары үшін белсенді етудің интерактивті әдістерін қолдану, сұхбаттасу, талқыланатын мәселені рейтингтік бағалау, әрқилы бірнеше көзқарасты талқылау жұмыстары жүргізіліп тұрады.

Консультациялық пункт қызметі жұмыс жасайды. Ата-аналар мерекелік ертеңгіліктерде де өздерінің үлкен көмектерін көрсетеді, яғни костюм дайындау, мерекелік безендірулерге, қойылымдарға белсене қатысып отырады.

«Ашық есік күндері» тәрбиешілер мен мамандар үлкен шығармашылық дайындықпен өткізеді. Ата-аналар балабақшаның таңертеңнен ұйымдастырылған оқу-тәрбие үрдісіне қатысып, пікір алмасу, сауалнама жүргізу жұмыстары жүргізіледі. Ата-аналар балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес өткізілетін ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне қатысып, өз ризашылықтарын білдіріп келеді.

**№49 «Алтынай» балабақшасы МКҚК**



**2025-2026 оқу жылындағы**

**педагогикалық кеңестің**

**№5 хаттамасы**

**Астана, 2026 жыл**

## №5 педагогикалық кеңестің хаттамасы

**Өткізген күні:** 27 мамыр, 2026 жыл

**Қатысқан:** педагогтер, тәрбиешілер, балабақша әкімшілігі

**Тақырыбы:** «2025-2026 оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі»

**Мақсаты:** Мектепке дейінгі ұйымда барлық іс-әрекеттер нәтижесін және әр педагогтің жеке ісін қорытындылау, тәрбие-білім беру жұмысының нәтижесі.

### Күн тәртібінде:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы  
Меңгеруші Г. Калиякасова
2. Педагогтердің жыл бойы жасаған жұмыстары бойынша есеп беруі  
Әдіскер, мамандар, тәрбиешілер
3. Жылдық есебі және мектепалды топтарының мектепке баруға психологиялық дайындығы  
Педагог-психологтар, логопед, дефектолог
4. 2025-2026 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптамасы (диагностика) және инновация жұмысы туралы есеп  
Инновация әдіскері: А.Абдукадирова
5. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау  
Меңгеруші Г. Калиякасова
6. Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу жұмыстарының қорытындысы туралы  
Меңгеруші Г. Калиякасова
7. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту, педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту  
Меңгеруші Г.Калиякасова

### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған балабақшаның менгерушісі Г.Калиякасова №4 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуына тоқталды. № 4 педагогикалық кеңеске ұйымдастырылған ашық іс- әрекеттері барысында берілген ұсыныстар бойынша жұмыстар жүргізіліп, ұйымдастырылған іс-әрекеттер жүйеленгенін және ұлттық ойындар күнделікті күн тәртібіне енгізіліп, кеңінен қолданылуда. Серуен барысында түрлі ұлттық ойындар ойнатылып, балалардың қимыл белсенділігі артқанын атап өтті. Педагогтерді №5 педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері Л.Дуйсекулова 2025–2026 оқу жылында әдістемелік жұмыс Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүргізілгенін және жылдық жоспар негізінде педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, оқу-тәрбие процесінің сапасын жетілдіру және тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына жағдай жасау бағытында жұмыстар ұйымдастырылғанын атап өтті. Оқу жылы барысында жоспарланған жұмыстар толықтай орындалып, әдістемелік қызметтің негізгі мақсаты – педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және сапалы білім беру ортасын қалыптастыру бағытында нәтижелі жұмыстар жүргізілгеніне тоқталды. Алдағы оқу жылында инновациялық әдістерді енгізу, педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамыту және ата-аналармен байланысты нығайту жұмыстары жалғасын табатынын түсіндіріп өтті. Келесі кезекте мамандар және тәрбиешілер жыл бойы істелінген жұмыстары бойынша өз есептерін берді. Оқу жылында кездескен қиындықтарға қарамастан педагогтер жоғары деңгейде жұмыс атқарғанын және балабақша жоспарына сай барлық іс-шаралар ұйымдастырылып отырғанын айтты. Бес дағдыны игеру бойынша балалардың білім деңгейлері жоғары деңгейді көрсеткенін және ата-аналармен де байланыс үнемі бақылауда болғанын сөз етті. Педагогтер Астана қаласының Әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткізілген байқауларға үнемі қатысып, іс-тәжірибелері үнемі баспа бетінде жарияланып отырғанын айтты. Балабақша тәрбиеленушілерінің де қалалық, республикалық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болғанын, жеткен жетістіктері мен жыл бойы атқарылған жұмыстарына анықтамасын беріп шықты.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша педагог-психологы Т.Туякбаева 2025–2026 оқу жылында педагог-психологтың жұмысы мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарына сәйкес жүзеге асырылғанын сөз етті. Негізгі мақсат – тәрбиеленушілердің психологиялық саулығын сақтау, эмоционалдық дамуына қолдау көрсету, педагогтер мен ата-аналарға психологиялық көмек беру екенін түсіндірді. Оқу жылы барысында тәрбиеленушілердің психологиялық даму деңгейін анықтау мақсатында

диагностикалық жұмыстар жүргізілгенін және диагностика нәтижесінде кейбір тәрбиеленушілерге жеке түзету жұмыстары ұйымдастырылғанын айтты. Ата-аналармен жұмыста диагностика нәтижесінде кейбір тәрбиеленушілерге жеке түзету жұмыстары ұйымдастырылып жеке консультациялар берілгенін атап өтті. 2025–2026 оқу жылында жоспарланған психологиялық жұмыстар толық орындалғанын және жұмыс барысында тәрбиеленушілердің психологиялық дамуына, эмоционалдық саулығына және қолайлы орта қалыптастыруға ерекше назар аударылғанын айтты. Алдағы оқу жылында психологиялық қолдау жұмыстарын жетілдіру, ата-аналармен байланысты күшейту және балалардың жеке ерекшеліктеріне бағытталған жұмыстар жалғасын табатынын атап өтті. Сонымен қатар, логопед И.Серікбай 2025–2026 оқу жылында логопед маманның жұмысы мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарына сәйкес жүргізілгенін және негізгі мақсат – тәрбиеленушілердің сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді анықтау, түзету жұмыстарын ұйымдастыру және балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту жұмыстары өз нәтижесін көрсеткенін айтты. Ата-аналарға балалардың сөйлеу тілін дамыту бойынша кеңестер беріліп,

Педагогтерге балалардың тілін дамыту бағытында әдістемелік көмек көрсетілгенін айтты. Түзету-дамыту іс-әрекеттерінің нәтижесінде тәрбиеленушілердің сөйлеу тілінде оң өзгерістер қалыптастырылғанын және алдағы оқу жылында балалардың тіл дамыту жұмыстарын жетілдіру, ата-аналармен байланысты нығайту және жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану жұмыстары жалғастырылатынын айтты. Дефектолог Ж. Курбанова 2025–2026 оқу жылында дефектолог маманның жұмысы мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарына сәйкес жүргізілгенін, негізгі мақсат – ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілердің танымдық, сөйлеу және психикалық дамуындағы ерекшеліктерін түзету, дамыту және әлеуметтік ортаға бейімдеу екенін түсіндірді. Оқу жылы барысында тәрбиеленушілердің даму ерекшеліктерін анықтау мақсатында диагностикалық жұмыстар жүргізіліп балалардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес топтық және жеке жұмыстар ұйымдастырылғанын, ата-аналарға балалардың даму ерекшеліктері бойынша кеңестер мен ұсынымдар берілгенін атап өтті. Педагогтерге ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жүргізу бойынша әдістемелік көмек көрсетіліп, 2025–2026 оқу жылында жоспарланған дефектологиялық жұмыстар толық орындалғанын және түзету-дамыту жұмыстарының нәтижесінде тәрбиеленушілердің дамуында оң өзгерістер қалыптасқанын айтты.

Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша сөз алған балабақшаның инновация әдіскері А. Абдукадирова 2025-2026 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша қорытынды сараптамасына тоқталып, білім деңгейінің көрсеткішін айтып өтті. Сараптама нәтижесінде төмендегідей пайыздарды көрсетті:

«Қыран» ортаңғы тобы

Ф-79 %

К-77 %

Т-80%

Ш-81 %

Ә-83 %

«Самұрық» ортағы топ

Ф-79 %

К-78%

Т- 80%

Ш-95%

Ә-80%

«Қарлығаш» ортаңғы топ

Ф-78 %

К-80%

Т-80%

Ш-80%

Ә-79%

«Бұлбұл» ересек топ

Ф-84 %

К-85%

Т-84%

Ш-84%

Ә-92%

«Акку» ересек топ

Ф-90 %

К-87%

Т-86%

Ш-91%

Ә-88%

«Балапан» ересек тобы

Ф-80 %

К-79 %

Т- 78 %

Ш-80 %

Ә - 80%

«Ақ сұңқар» мектепалды топ

Ф- 93 %

К-74%

Т- 93 %

Ш- 73 %

Ә - 92%

«Бүркіт» мектепалды топ

Ф- 85%

К-75 %

Т- 80%

Ш- 80%

Ә - 84%

«Шағала» мектепалды топ

Ф- 90%

К-82 %

Т- 92 %

Ш- 92 %

Ә - 90%

«Ақ көгершін» ересек топ

Ф- 88 %

К-85%

Т- 89%

Ш-87 %

Ә - 90%

Эксперименталдық алаң жұмысының жылдық қорытынды есебі және балабақшада 2023-2026 оқу жылдарына арналған «Абай аманаты» атты эксперименталдық алаң бағдарламасын іске асыру бойынша анықтамасын берді. Оқу жылының барысында тәрбиеленушілер мен аға-аналардың қатысуымен түрлі іс-шаралардың жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын айтты.

Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша балабақшаның меңгерушісі Г.Калияқасова аттестациядан өтуге өтініш қабылдау мәселесіне тоқталды. 2026-2027 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтердің жетістіктері мен қажетті құжаттарын қазірден бастап дайындауды ескертті. Мерзімі жеткен педагогтер өтініш беріп № 83 бұйрыққа сәйкес портфолиоларын жинақтай беруді тапсырды.

Күн тәртібінің алтыншы мәселесі бойынша сөз алған балабақша меңгерушісі Г.Калияқасова балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу жұмыстарының қорытындысына тоқталды. Балабақшаның өзін-өзі бағалау нәтижелері мектепке дейінгі ұйымның жұмысын тиімді деп санауға болатындығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Қызметті басқару мектепке дейінгі білім беру саласындағы ҚР «Білім туралы заңына» және ұйымның Жарғысына сәйкес жүзеге асырылғанын және басқару құрылымы мен механизмі мекеменің тұрақты жұмысын анықтағанын айтты. Күн тәртібінің алтыншы мәселесі бойынша сөз алған балабақша меңгерушісі Г. Калияқасова аттестатталушы педагогтің еңбек өтілі, жұмыс тәжірибесі, кәсіби біліктілігінің жоғары болуы, өзінің, тәрбиеленушілердің жетістіктерінің болуын, 2025-2026 оқу жылында аттестатталатын педагог қызметкерлерінің өтініштері осы бағытты ескере отырып қарастырылғандығын айта келе тізімін таныстырып өтті.

Күн тәртібінің жетінші мәселесі бойынша сөз алған балабақша меңгерушісі Г.Калияқасова жазғы сауықтыру шараларына тоқталып, жоспарымен және күн тәртібімен таныстырып өтті. Жаз мезгіліне 5 топ жасакталатынын және педагогтердің үлкен жауапкершілікпен жұмыс жасауын ескертті. Балалардың қауіпсіздігі бірінші орында болғандықтан өте мұқият болуларын, серуенге шыққанда, кіргенде тәрбиеші көмекшісімен бірге балаларды санап, тексеріп кіргізуді тапсырды. Өз ұсынысын айта отырып, педагогикалық кеңеске қорытынды жасады. №5 педагогикалық кеңестің шешімін шығарды. Алдағы оқу жылында мамандардың жұмыстарын ерекше назарда ұстап, жоспар бойынша әрбір іс-әрекеттерін жоғары деңгейде ұйымдастырылуына баса назар аударылатынын атап өтті.

#### Шешімдер қабылданды:

1. 2025-2026 оқу жылында тәрбиешілердің, мамандардың жылдық есептеріне жоғары деңгейде баға берілсін. Жауапты: әдіскерлер
2. Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу жұмыстарының қорытындысы дұрыс деп табылсын және балабақшаның сайтына жүктелсін. Жауапты: комиссия мүшелері
3. Аттестатталатын педагогтердің тізімі бекітіліп, педагогтер құжаттарын жинақтап, тестке дайындалсын. Жауапты: педагогтер
4. Осы шешімдердің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Төрайымы:

Хатшы:

*Аманжол*



Г.Калияқасова

А. Косбармахова



## **Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары: Өзін-өзі бағалау комиссиясының қорытындысы**

Комиссия мүшелері 2026 жылдың 01 сәуір 2026 жылдың 22 мамыр аралығында № 49 «Алтынай» балабақшасында МКҚК өзін-өзі бағалау өткізілді.

### **Өзін-өзі бағалау мақсаттары:**

1. Балабақша қызметі туралы ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету;
2. Балабақшадағы педагогикалық процесс жағдайы туралы шынайы ақпарат алу;
3. Педагогикалық үдерістің нақты жағдайы және жұмыс жоспарының сәйкестік деңгейін анықтау.

### **Өзін-өзі бағалау міндеттері:**

1. Бағалау және зерттеу нысандарының өлшенетін сапаның пайда болу деңгейін анықтау;
2. Балабақшадағы педагогикалық үдерістердің бағалау мінездемелер жүйесін құру;
3. Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі, анықтау және бағалау (өзін-өзі бағалау) нысандарындағы жағымды тенденцияларды анықтау;
4. Мәселелерді зерттеу және бағалау (өзін-өзі бағалау) барысында пайда болу себептер мен шешу жолдарын анықтау.

№49 «Алтынай» балабақшасы МКҚК-ның өзін-өзі бағалау нәтижелері мектепке дейінгі ұйымның жұмысын тиімді деп санауға болатындығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Қызметті басқару мектепке дейінгі білім беру саласындағы ҚР «Білім туралы заңына» және ұйымның Жарғысына сәйкес жүзеге асырылды. Басқару құрылымы мен механизмі мекеменің тұрақты жұмысын анықтады. Балабақшадағы педагог қызметкерлердің негізгі бөлігі тәжірибелі мамандар, көп жылдан бері еңбек етіп келеді, педагогикалық құрам ұжымда тұрақты. Биылғы оқу жылында жас мамандар жұмысқа қабылданды. Балабақшаның тәрбиелеу-оқыту жұмысы жоспарлы түрде жүйелі жүргізілуде. Білім беру процесі тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, ерекшеліктерін, қажеттіліктерін ескере отырып құрылды, бұл әр балаға жеке тұлғаға бағытталған көзқарасты жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылды. Тәрбиеленушілердің отбасымен жұмыс жасауда өзара әрекеттесудің тиімді формалары қолданылды. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері сақталды, балалармен қызметкерлердің өмір сүру қауіпсіздігі қамтамасыз етілді. Тәрбиеленушілердің денсаулық көрсеткіштері бойынша оң динамика байқалады. Бұл бағыт педагогикалық ұжымның жұмысында басым болып табылады, сондықтан болашақта тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту және сақтау бойынша жүйелі жұмысты жалғастыру қажет.

Мұның бәрі мектепке дейінгі ұйымды қазіргі жағдайда бәсекеге қабілетті етеді. Сонымен қатар, өзін-өзі бағалау барысында оң сәттермен қатар бірқатар мәселелер анықталды:

- ғимарат бөлмелерінің жетіспеушілігі балаларға арналған қосымша білім беру қызметтерін ашу мүмкіндігімізді шектейді;
- ата-аналарды бірлескен әрекетке жұмылдыру бойынша жұмысты жетілдіру және жалғастыру қажет;
- мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын жақсарту және жаңғырту.
- балалардың ойын алаңдарын заманауи алаңға айналдыру, яғни жаңарту.

### **Қорытындылар мен ұсыныстар**

#### **Балабақшаның даму болжамдары:**

- білім беру қызметінің нәтижелілігі мониторинг жүйесін, білім беру және тәрбиелеу бағдарламасын жасау және жетілдіру;
- Тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының сұраныстарын талдау және зерттеу мақсатында балабақшаның ақпараттық-диагностикалық қамтамасыз ету жүйесін дамыту;
- Балабақшаның инновациялық қызметіне педагогтердің қатысуы үшін мотивациялық жағдайлар жасау.
- Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып қосымша ақылы қызметтерді жандандыру.

**Комиссия төрайымы:** \_\_\_\_\_ Г. Калиякасова

#### **Комиссия мүшелері:**

Т. Туякбаева \_\_\_\_\_  
А. Абдукадирова \_\_\_\_\_  
Б. Рашаева \_\_\_\_\_  
Л. Акниязова \_\_\_\_\_  
С. Рахметова \_\_\_\_\_  
А. Косбармахова \_\_\_\_\_